

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына кредит ресурстарын беру шарттарын айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 қарашадағы N 1105 қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстанның Даму Банкі" (бұдан әрі - Даму Банкі) акционерлік қоғамына "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңының 35-1-бабына сәйкес 080 "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ кредиттік ресурстар беру" бағдарламасы бойынша 4300000000 (төрт миллиард үш жүз миллион) теңге сомасында кредиттік ресурстар (бұдан әрі - Кредит) берілсін.

2. Даму Банкіне Кредит берудің мынадай шарттары айқындалсын:

1) Кредит Даму Банкіне жылдық 0,1%-ға (нөл бүтін оннан бір пайызға) тең сыйақы ставкасы бойынша 15 (он бес) жыл мерзімге жеделдік, ақылық және қайтарымды ш а р т т а р ы м е н б е р і л е д і ;

2) Даму Банкіне Кредит берудің мақсаты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 қыркүйектегі N 1187 қаулысымен бекітілген "Қазақстанның Даму Банкі" жабық акционерлік қоғамының 2001-2003 жылдар кезеңіне арналған кредит саясаты туралы меморандумда белгіленген экономиканың басым салаларындағы инвестициялық жобаларға кредит беру ставкасын төмендету болып табылады;

3) кредит шартының тараптары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Қаржы министрлігі), Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (бұдан әрі - Әкімші) және Даму Банкі болып т а б ы л а д ы ;

4) Кредит бойынша негізгі борышты өтеуді Даму Банкі осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мерзімнің соңында бір жолға жүзеге асырады;

5) Кредит бойынша есептелген сыйақыны төлеу 2004 жылдан бастап жарты жылдық мерзімділікпен жүзеге асырылады;

6) республикалық бюджеттен Кредит бөлуді Әкімшінің өтінімі негізінде Кредит сомасын Әкімшінің бюджеттік шотынан Даму Банкінің корреспонденттік шотына бір жолғы аудару жолымен Қаржы министрлігі жүзеге асырады;

7) Кредит Әкімшінің бюджеттік шотынан қаражат алынған сәттен бастап игерілді

д е п

с а н а л а д ы ;

8) Кредит қаражатын экспорттық операцияларға кредит беруге жұмсауға болмайды.

3. Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген кредит шартының жасалуын қамтамасыз етсін.

4. Кредиттің игерілуін, мақсатты пайдаланылуын, республикалық бюджетке уақтылы және толық өтелуін бақылауды Қаржы министрлігі мен Әкімші жүзеге асырады.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі